

Кімге: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетіне

Автордың аты-жөні және лауазымы:

Жетекші маман Нусипбекова Айнагул Жанатовна

Күні: 14.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Демография-мемлекет дамуының кепілі.

Кілт сөздер: демография, тәуелсіз Қазақстан, миграциялық үрдістер, Қазақстанның этникалық құрамы.

Кіріспе. Кез-келген мемлекеттің даму деңгейін анықтауда сол мемлекеттің табиғи байлықтары, жер асты ресурстары, ауылшаруашылығына жарамды жер алқабының көлемі сияқты негізгі экономикалық көрсеткіштерімен қатар халқының саны мен өндірістік қабілеті, білім деңгейі мен денсаулығы да есепке алынады. Германия, Жапония, Корея сияқты дамыған мемлекеттерге қарағанымызда адам ресурстарының табиғат ресурстарынан маңыздырақ екені аңғарылады.

Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы тұрақты экономикалық даму қарқыны көңілді көншіткенімен, халықтың саны мен денсаулығы, туу мөлшері, табиғи өсуі және өлім мөлшері, әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерінің қамсыздандырылу деңгейі сияқты көрсеткіштері әліде өте нашар деңгейде. Жалпы Қазақстан Республикасы – көп ұлтты мемлекет. Әрбір халықтың өмір салты, әдет-ғұрпы мен дәстүрі, еңбек дағдысы жөнінен өз ерекшелігі бар. Адамдар қатынасының маңызды құралы – оның тілі. Елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

Егеменді еліміз Қазақстан – біртұтас мемлекет. Оның аумағы 2 млн. 724 мың км². Мемлекет Еуразия материгінің орталық бөлігінде және әлемнің екі бөлігінде: аз бөлігі Еуропа, ал көп бөлігі Азияда орналасқан. Қазіргі таңда Қазақстан құрамында 14 облыс, Респуликалық бағыныстағы 2 қала (Астана мен Алматы қалалары), 159 аудан, 84 қала, 193 қала үлгісіндегі кент бар. Селолық жерлердегі селолар мен ауылдар саны 8 мыңға жуық. Кез келген мемлекеттегі нарықтық қатынастардың дамуы халықтың әлеуметтік-демографиялық құрылымының өзгеруімен қатар жүреді. Сондықтан мұндай өзгерістердің өмір сүрудің сапасы мен деңгейіне тигізетін салдарын зерттеу қажеттілігі туындайды. Халықтың әлеуметтік-демографиялық құрылымына талдау жасау әлеуметтік-экономикалық және демографиялық саясаттың негізгі бағыттарының барысында маңызды болып саналады. Демография – кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе. Өйткені қай мемлекеттің де дамуына халық саны ықпал етеді. Сондықтан Мемлекет басшысы да жыл сайынғы Жолдауының бір тармағын демографиялық ахуалға арнайды.

Әсіресе, Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында демографиялық ахуалға айрықша көңіл бөлді. Қазіргі кезеңдегі әрбір егеменді мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайында орын алып отырған айтарлықтай өзгерістер демографиялық жағдайды күрделендіріп, тиімді демографиялық саясат жүргізуді талап етіп отыр. Демографиялық саясатты күнделікті жетілдірудің қажеттілігі әрбір аймақтың әлеуметтік- экономикалық дамуындағы демографиялық фактордың рөлінің ұлғаюымен байланысты.

Негізгі бөлім. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еліміздегі халық саны 19 765 004 мың адамды құрады. Оның ішінде қалалықтар – 12 208,2 мың, ауылдықтар – 7 556,7 мың адам. Табиғи өсім есебінен халық саны 268 791 адамға өскен, көші-қон сальдосы теріс – -6 946.2022 жыл басымен салыстырғанда халық саны 261 845 адамға өскен.[1]

Кесте-I
2023жыл. Қазақстанның ауқымды қалаларындағы халық саны [2]

Аймақтар	Халық саны
Алматы	2 161 695
Шымкент	1 191 877
Астана	1 354 485
Павлодар	754 903

2024 халық санағы бойынша елімізде барлығы-20033842 адам, оның ішінде қалалық-12507920, ауылдық-752922, ерлер- 9783814, әйелдер-10250028 адам құрады.

Кесте-II
2024 жыл басына этникалық құрамы [4]

Қазақтар	14 220 321 адам (71,0%)
Орыстар	2 983 317 адам (14,9%)
Өзбектер	660 564 адам (3,3%)

Қала халқының ең көп үлесі Қарағанды (81,6%), Ұлытау (79,2%) және Ақтөбе (74,9%), ал ең аз үлесі Алматы (19,6%), Түркістан (24,8%) және Жамбыл (43,4%) облыстарында байқалды.

2024 жыл басына еңбекке жарамды жастағы халықтың 1000 адамына демографиялық жүктеме 747,69 адам, оның ішінде еңбекке жарамды жастан төмен халық 542,22 адам, еңбекке жарамды жастан асқан халық 205,47 адам. [5]

Қорытынды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның демографиялық дамуы бірнеше кезеңдерден өтті. Жалпы алғанда, 1999- 2023 жж. аралығында еліміздің халықтарының санының және

құрылымының біршама өзгеріске ұшырағандығын көре аламыз. Қазіргі уақытта күнделікті ішкі және сыртқы миграцияның есесіне Қазақстанның халық санының азаю үрдісі жүріп жатыр. Сондықтан, Қазақстанның болашақта демографиялық мәселесін шеше алама деген мәселе өзекті болып отыр. Қазақстан аймақтарының үйлестірілген дамуы еліміздің экономикалық жағдайын жақсартудың маңызды бағыттарының бірі болып саналады, сондықтан осы аспектіге үлкен көңіл бөлінуде. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарындағы 7 негізгі реформаның қатарында [6]

«Күшті аймақтар және урбанизация» реформасының ұсынылғаны кездейсоқтық емес. Осымен бірге, қазіргі уақытта Қазақстанда демографиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған механизмдер қалыптасқан маңызы зор. [9].

Ұсынымдар. Демографиялық процестердегі келеңсіз жәйттерге қарамастан, елде біртіндеп ілгерілеушілік байқалуда. Мәселен, өлім-жітім, ажырасу секілді, т.б. теріс көрсеткіштер, көші — қондық процестердегі теріс мәселелер бәсеңдеді. Бұл — елдегі демографиялық ахуалдың жақсарып келе жатқандығының айғағы. Үкіметтің осы бағыттағы қызметіне үлкен үмітпен қарауға болады. Ең бастысы, қазіргі демографиялық мәселедегі басым бағыттарды дәл анықтап, оны шешудің тиімді жолдарын таба білу керек.

Осыған орай әлемде индустриализация мен урбанизацияның жоғары қарқынды жүруінен туындап жатқан ғаламдық сипатқа ие мәселелер бар екендігі де ескерілуі тиіс. Ондай мәселелер қатарына «өркениет ауруы» атанған-туудың азаюы, өлім —жітімнің өсуі, тұрғындар құрамында қариялардың көбеюі секілді құбылыстарды жатқызуға болады. Бұл мәселелер қоғамдық пікірде алаңдаушылық туғызуда. Бүгінгі таңда демографиялық саясат саласында қалыптасып отырған мәселелерді шешу аса маңызды мәселе. Сондықтан оның ауқымы және халықтың қоныстануы жоғары кәсіби деңгейде жан-жақты талданғаны абзал, әрі оның нәтижелері объективті тұрғыда ашылып көрсетілуі тиіс. Туындаған мәселелерді шешу қоғамдағы тұрақтылық пен Қазақстан Республикасының болашағын қамтамасыз етуге бағытталған демографиялық саясаттың табысты жүруіне тікелей байланысты.

Өркениетті қоғамда демографиялық саясатты жүзеге асыру үшін өзінің бірнеше алғышарттары, яғни демократиялық принциптері болады. Енді соларға қысқаша тоқтала кетейік. Оның негізгі принциптері шарттарына мыналар жатады:

1. гуманистік принцип ол адамның жеке бас бостандығы мен адам құқы және жанұяның қоғамдағы автономиялық және өзіндік отбасы тіршілігін сыйлау;

2. Демографиялық саясат халықтың тарихи өсіп-өну және даму заңдылықтарына сүйенуі тиіс және оларға қарсы жүргізілмейді;

3. Ешқандай кінәмшілдік және зорлау мен күштеу, тіптен ұлттық, әлеуметтік, нәсілдік жағынан алалауы болмауы керек; демографиялық жолмен кейбір әкімшілік қолданыстар тек іріәлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешкенде көмекші әрекетретінде ғана қалуы керек;

4. Саясат қолданыста біркелкі бола тұра жергілікті кей жағдайда аймақтық, өлкелік, аудандық, этникалық ерекшеліктерді ескерген жөн, мысалы, көші-қонда, отбасы мен неке дәстүрінде;

5. Демографиялық мінез-құлық пен көші-қонға деген пиғыл бір ел ішінде әр халықта әртүрлі болғанның өзінде, мемлекет бір ғана мақсатты, өмірлік өз мүддесін қорғайды және өзінің мақсатын көздейді, өзінің саясатын жүргізеді.

6. Елдің ішкі демографиялық ахуалын біртұтас бағалай отыра, материалдық, моральдық және медициналық шараларды жеке дара емес, жан-жақты толықтыра, үйлестіре қатар қолдану керектігі;

Демографиялық саясат Қазақстан жағдайында ондағы әртүрлі ұлттар мен олардың шоғырының және шашырандысының (диаспорасы) дамуерекшеліктерін қатты ескеруі қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Демографическая политика Казахстана: плюсы и минусы [Электронный ресурс] <http://astanazan.kz/?p=3373> ;
2. <https://stat.gov.kz/upload/iblock/552/fsvt51q9muc490ju04kd7uo66p3bvqe.p.rar>;
3. Қазақстан Республикасы халқының саны (2024 жыл басына) (stat.gov.kz);
4. Сапа бойынша есеп 2022 жылға Қазақстан Республикасы халқының саны.pdf (stat.gov.kz);
5. Қазақстанда халық саны бойынша жаңа дерек шықты (nur.kz);
6. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан - Главная (stat.gov.kz);
7. Контактная информация - Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан (stat.gov.kz);
8. Агентство Республики Казахстан по статистике — Википедия (archive.org);
9. beta.egov.kz/memleket/entities/stat.